

8. Культурно-спортивный реабилитационный комплекс Всероссийского общества слепых. Официальный сайт. URL: <http://ksrk.ru/> (дата обращения: 12.11.2022)

9. Мерцалова, Л.В. Социокультурная реабилитация как одно из направлений социальной работы // Материалы I Международной научно-практической конференции. Том I. Новосибирск: Новосибирский государственный технический университет, 2001. – С.144-151.

10. Общероссийская общественная организация инвалидов «Всероссийское ордена Трудового Красного Знамени общество слепых». Официальный сайт. URL: <https://www.vos.org.ru/> (дата обращения: 12.11.2022)

11. Тарасов Л.В. Социально-культурная реабилитация инвалидов как технология преодоления социальных барьеров // Инклюзивное образование: непрерывность и преемственность: Материалы V Международной научно-практической конференции, Москва, 23–25 октября 2019 года / Главный редактор С.В. Алехина. Москва: Московский государственный психолого-педагогический университет, 2019. – С. 409-416.

12. Шарковская Н.В. Методологические принципы социально-культурной реабилитации инвалидов // Социально-культурная реабилитация инвалидов: от терапии искусством к творческой развитию личности: Материалы Международного симпозиума, Москва, 05-08 октября 2015 года. Москва: Московский государственный институт культуры, 2015. – С. 35-41.

13. Федеральный закон "Об образовании в Российской Федерации" от 29.12.2012 N 273-ФЗ URL: <https://base.garant.ru/77308190/> (дата обращения: 12.11.2022)

МРНТИ 14.23.09

УДК 316.422

Туребаева К.Ж. ¹, Канатова А.К. ²

¹научный руководитель, доктор педагогических наук, профессор, Turebava_kj@mail.ru
АРУ имени К.Жубанова

²Магистрант I курса по специальности 7M01201 – Дошкольное обучение и воспитание,
Kanatovaalnuw@gmail.com, АРУ имени К.Жубанова, г. Ақтобе, Қазақстан

СОВРЕМЕННЫЕ ИННОВАЦИИ В СИСТЕМЕ ДОШКОЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ

Аннотация

В данной статье рассматривается проблема использования современных инновационных технологий в дошкольных организациях. Инновационное образование – новый вид бизнеса. Эффективность новой технологии развивает всестороннюю компетентность ребенка и воспитывает образованное поколение.

Ключевые слова: Инновация, технология, стандарт, модульное обучение, Послание Президента.

К.Ж. Туребаева ¹, А.К. Канатова ²

¹Ғылыми жетекшісі, п.ғ.д., профессор, Turebava_kj@mail.ru, Қ.Жұбанов атындағы АӘУ
²7M01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының I курс магистранты,
Kanatovaalnuw@gmail.com, Қ.Жұбанов атындағы АӘУ, Ақтөбе қ., Қазақстан

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ИННОВАЦИЯЛАР

Аңдатпа

Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда қазіргі инновациялық технологияларды пайдалану мәселесі қарастырылған. Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Жаңа технологияның тиімділігі баланың жан-жақты күзіреттілігін дамытып, білімді ұрпақ тәрбиелейді.

Түйін сөздер: Инновация, технология, стандарт, модульдік оқыту, Елбасы Жолдауы

Turebayeva K.Zh.¹, Kanatova A.K.²

¹scientific supervisor, Doctor of Pedagogical Sciences, professor, Turebava_kj@mail.ru

ARU named after K.Zhubanov

2 1st course master specialty of 7M01201 – Preschool education and upbringing,

Kanatovaalmuw@gmail.com, ARU named after K.Zhubanov,

Aktobe, Kazakhstan

MODERN INNOVATIONS IN THE SYSTEM OF PRESCHOOL EDUCATION

Abstract

This article discusses the problem of using modern innovative technologies in preschool organizations. Innovative education is a new type of business. The effectiveness of the new technology develops the comprehensive competence of the child and educates the educated generation.

Keywords: Innovation, technology, standard, modular training, President's Message.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Қазақстан халқына арналған жолдауында: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл процесс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие процесіне нақты өзгерістер енгізумен қатар, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді».

Біздің келешегіміз жас ұрпақ. Жас ұрпақтың тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ал мектепке дейінгі ұйым ата-анадан берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғастыратын орта. Ұлттық тәрбиенің негізі ана сүтімен, ана тілімен, ең алғашқы бесік жырының әлдиімен беріледі. Ал бүлдіршіннің тілегі, білімге деген қызығушылығы, оның ойлау қабілеті, танымдық қажеттіліктері мектепке дейінгі ұйымда қалыптасады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында»: «Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп көрсетілген. Қазіргі таңда алға қойылып отырған мәселелердің бірі – жан-жақты дамыған, рухани ізденісі мол ұрпақ тәрбиелеу. Біздің міндетіміз әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жетілдіріп және жаңа инновациялық технологияларды меңгерту.

Жалпы «инновация» ұғымы алғаш рет XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеуінен пайда болды. Инновация латын тілінен аударғанда «жаңа, жаңалық, жаңарту» деген мағынаны білдіреді. Ең алғаш Қазақстанда «инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Н.Нұрахметов. Оның пікірінше: «инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі».

Қазіргі таңда оқу үдерісіне «жаппай» енгізіліп жатқан инновациялық технологиялар баршылық. Әрине, инновация көкейкесті мәселелердің тоғысында пайда болып, оқу үдерісіндегі әдістемелерге жаңаша тұрғыдан қарап, оны үздіксіз жаңғыртуға бағытталады. *Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін жаңа теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы.*

Ғылым мен техниканың қарқынды дамып, ақпараттар ағыны заманында білім алушылардың тұлға ретіндегі өзіндік ой-пікірлерін қалыптастырып, қабілетін, талантын дамыту барлық деңгейдегі білім беру мекемелерінің басты міндеті болып табылады. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың инновациялық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді.

«Инновация» сөзі – қазіргі таңда барлық ғылым салаларында өте жиі қолданылып жүрген термин. Солардың бірі – мектепке дейінгі тәрбие саласы. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Мектепке дейінгі білім беру орындарында, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған.

Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру – басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Білім беру жүйесінде инновациялық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады.

Инновациялық оқыту технологиясы ғылыми-педагогикалық қызметтің айрықша үлгісі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін кәсіби біліктілікті мамандардың тәжірибесін жұмылдыру қажет. Яғни, оқытушы өзінің кәсіби мамандығын педагогикалық шеберлікпен және шығармашылықпен ұштастырып, іскерлік дағдыны қалыптастыруы тиіс. Кез келген ұстаз заманауи инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. Студенттерді кез келген жағдайға бейімделіп, инновациялық жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана алатындай деңгейде тәрбиелеу қажет.

Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар мынадай: ынтымақтас-тық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты – дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді.

Ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Дамыта оқыту технологиясы – баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту болып табылады.

Заман талаптарына сай мектепке дейінгі мекемелерде АКТ оқыту процесінде кенінен пайдаланады. Түрлі танымдық салаларына арнаулы компьютерлік бағдарламалар құрылуда. Баланың жас ерекшелігіне және пайдаланатын компьютерлік бағдарламаларға сай интерактивті тақта ойындағы баланың оппоненті, бағдарлаушы (әңгімелеуші), жаттықтырушы, емтихан қабылдаушы болуы мүмкін.

Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға арналған пайдаланатын компьютерлік құралдар бар: олар көру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау т.б.

Интерактивті тақтаны пайдалану. Оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы, қызықты және оңтайлы болып келеді. Электрондық мультимедиялық бағдарламаларды дәстүрлі оқыту және педагогикалық инновациялармен қатар, оқыту үрдісінде үнемі қолдану дайындығы әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту тиімділігін көтереді. Бірнеше технологиялардың пайдаланудың әсері, оқыту нәтижесінің сапасын күшейтеді.

Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпаратты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп ғана қоймай, сонымен қатар интуиция, образдық ойлауын дамытады.

Мектепке дейінгі мекемеде интерактивті тақтаны пайдалану тәсілдері өте көп. Бұлар презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары, графикалық, бағдарламалық орталықтарда жобалар құрастыру екені мәлім.

Интерактивті тақтаны пайдалануда қандай дағдылар болу қажет:

- Компьютерді қолдана білудің бастапқы білімі;
- Word, Power Point бағдарламаларымен жұмыс;
- Интернет жүйесінде жұмыстану практикасы (бейнелерді, әзір презентациялар мен оқыту бағдарламаларын тауып алу).

Проблемалық оқыту технологиясы – баланы өз бетімен ізденуге үйретіп қана қоймай, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Яғни, балалардың белсенділігі арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді. Бұл технологияда бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Ынтымақтастық педагогикасы – педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да тәрбиеші де субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.

Бұл технологияның негізгі мақсаты – баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

Модульдік оқыту технологиясы – оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар мектепке дейінгі ұйымда балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн деп санаймын.

Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану арқылы – біріншіден, оқытушы ұтады, яғни, ол оқытушыға сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек.

Қазіргі заман талабына сай, балаға саналы да, сапалы білім берсе ғана, біздің бүлдіршіндеріміздің болашағы жарқан болмақ. Бала отбасында дұрыс тәрбие алса, тәрбиелеудің нәтижесі жоғары болмақ. Еліміздің ертеңгі болашағы өсіп келе жатқан жас ұрпақ болғандықтан ұрпақ тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарау баршамыздың жауапты міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы //Егемен Қазақстан, 2011
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты. – Астана 2010.
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы. – Алматы, 2002.
4. Құлжанова Н. «Мектептен бұрынғы тәрбие». – Орынбор, 1923.
5. «Қазақстан-2050» даму стратегиясы.
6. З.Валиева – М. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Әдістемелік нұсқау, 2002.
7. Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар». – Алматы, 2001.